

**Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 25 ақпандағы № 47 " Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушысын айқындау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Түркістан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 15 қазандағы № 231 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 16 қазанда № 5216 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы әкімдігінің 25.01.2024 № 15 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабына, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының 2-бабы 16) тармақшасына сәйкес, Түркістан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 25 ақпандағы № 47 " Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушысын айқындау туралы" ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3604 болып тіркелген, 2016 жылғы 2 наурызда "Оңтүстік Қазақстан" газетінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспедегі "8-бабының 1-тармағының 2) тармақшасына" деген сөздер "2-бабының 16) тармақшасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2, 3 тармақтары алынып тасталсын.

2. "Түркістан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Түркістан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімі аппаратының басшысы Ә.Е.Тұрғымбековке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі  
Қ.Қ. Айтмұхаметов  
Ә.Е. Тұрғымбеков  
Ж.Е. Аманбаев  
М.И. Мырзалиев  
М.Н. Отарбаев  
Е.Ә. Садыр  
А.А. Абдуллаев  
А.Б. Тасыбаев

Ө. Шөкеев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК